

## Шет ауданының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінің шақыру учаскесіне 1999 жылы туған ер азаматтарды тіркеуді ұйымдастыру туралы

Мерзімі біткен

Қарағанды облысы Шет ауданы әкімінің 2015 жылғы 23 қарашадағы № 06 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 14 желтоқсанда № 3555 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты өз әрекетін тоқтатты

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33 бабының 1 тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Заңының 16 бабының 3 тармағына сәйкес, Шет ауданының әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Шет ауданының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінің шақыру учаскесіне 1999 жылы туған ер азаматтарды тіркеу, 2016 жылдың қантар айынан наурызына дейін ұйымдастырылсын.

2. Шет ауданының ауылдық округтер мен кент әкімдері ұландардың Шет ауданының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінің шақыру учаскесіне комиссияға ұйымдастырушылық және міндетті келуін қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалын бақылау Шет ауданы әкімінің орынбасары А.Әбілдинге жүктелсін.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Шет ауданының әкімі*

*Р. Әбдікерев*

**КЕЛІСІЛДІ:**

*Шет ауданының қорғаныс істері  
жөніндегі біріктірілген бөлімінің  
бастығы*

*Ш. Сарбаев*

23 қараша 2015 жыл